



# АЛАТАУ АРАЙЫ



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau\_arayy@mail.ru  
www.alatauarayy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№53 (502) // 21 мамыр // бейсенбі // 2026 жыл

## ИННОВАЦИЯ

# ӘУЕ ТАКСИ - АЛАТАУДА!



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

**Алатау қаласында eVTOL әуе таксиді алғаш рет ұшырылып, сынақтан өткізілді. Мұндай жоба Орта Азияда бірінші рет іске асырылуда. Электр қуатымен жұмыс істейтін аэротакси көлік кептелісін азайтуға, туристік нысандарды байланыстырып, диттеген жеріңе тез жетуге мүмкіндік береді.**

### Гүлзат БАЙҚОНЫС

Әуе таксиді сағатына 200 шақырымды еңсере алады. Қуаты да 200 шақырымға шақталған. Бір ұшқыш пен бес жолаушыны тасымалдай алады. 13 электрқозғалтқышпен жабдықталған. Басқа көлік түрлерімен салыстырғанда дыбысы әлдеқайда бәсең және көмірқышқыл газын шығармайды. Қауіпсіздік талаптарына сәйкес алғашқы сынақ жолаушысыз өткізілді.

Шараны қазақстандық «Alatau Advance Air Group Ltd.» компаниясы Қытай, Оңтүстік Корея, Италия және АҚШ елдеріндегі халықаралық серіктестерімен бірлесіп ұйымдастырды. Салтанатты жиынға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысып, жобаның отандық көлік саласының тарихындағы айтулы жаңалық екенін атап өтті.

«Өздеріңізге белгілі, жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңға қол қойды. Қала келешекте экономикалық өсім үшін қолайлы экожүйеге айналады. Ал бүгінгі жоба – озық технологиялар мен «Ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған маңызды қадам. Осындай заманауи ұшып-қону құрылғыларын дамытуға күш салып жатқан «Alatau Advance Air Group Ltd.» командасының еңбегі ерекше құрметке лайық.

Аталған бастама Алатау қаласын инновациялар мен цифрландырудың басты орталығы ретінде дамыту тұжырымдамасымен толық үндесіп жатыр. Жобаға 250 млн доллар инвестиция тартылды. Бұл – Alatau City-дің болашағына деген жоғары сенімнің көрінісі.

Бүгінде еліміз жаандық технологиялық өзгерістерді сырттай бақылап қана қоймай, олардың белсенді қатысушысына айналды. Көк аспанды бағындырған әуе таксилерінің сапары сәтті әрі қауіпсіз болсын. Орталық Азиядағы заманауи авиацияның жаңа дәуірі дәл осы біздің өңірден басталғаны – бәріміз үшін үлкен мақтаныш», – деді аймақ басшысы. Сондай-ақ жобаны іске асырушы серіктестермен келісімшартқа қол қойды.

«Alatau City Authority»-дің бас атқарушы директоры Әлішер Әбдіқадыров өз сөзінде игі бастаманың беретін мүмкіндіктеріне тоқталды. «Бүгін біз Қазақстан үшін тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Елімізде алғаш

рет аэротакси сынақтан өтті. Бұл – тек жаңа технологияны таныстыру емес, сонымен қатар инновация мен цифрлық технологияға негізделген жаңа қаланың даму кезеңінің бастамасы. Alatau City – болашақтың қаласы. Сондықтан еліміздің әуе мобильділігі мен жаңа индустриясының дамуы дәл осы жерден басталуының символдық мәні зор», – деді ол. Жобаны іске асырушы компания технологияны жай ғана енгізіп қоймай, оның толыққанды экожүйесін қалыптастыруды жоспарлап отыр. Яғни қажетті инфрақұрылым құру, инженерлік саланы дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу көзделген.

eVTOL әуе таксидің ұшып-қонуы үшін қуаттау және навигация жүйелерімен жабдықталған вертикал порттар пайдаланылады. Оларды қала ортасына – ғимарат шатырларына, көлік тораптарына және бизнес-кластерлерге орналастыруға болады. Қазіргі таңда

«Air Group Ltd.» компаниясының жобалар менеджері Данияр Өтеулин айтып берді.

«Ұшу бағасы туралы әзірге нақты айту қиын. Өйткені алдымен вертикал порттар желісін құру қажет. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мұндай көлік түрі негізінен екі бағытта дамиды. Біріншісі әуежайлар болса, екіншісі қала ішіндегі аудандарда қатынайды. Осыған байланысты Alatau City-де төрт вертикал салу жоспарланып отыр. Яғни қаланың әр ауданында әуе таксиді арналған аялдама болады. Қала ішіндегі қауіпсіз әуе бағыттарын ұйымдастыру да – маңызды бағыттардың бірі. Мысалы, Alatau City ішінде бір жерден екіншісіне жету уақыты 10 минуттан аспайды. Жуырда Нью-Йоркте алғашқы сынақ рейсі өтті. Қаладағы бір жарым сағаттық жолды әуе көлігі 8,5 минутта еңсерген. Ал жобаны Alatau City-де нақты іске асу мерзімі қала құрылысының даму қарқынына байланысты», – деді ол.

Іс-шара барысында аэротаксимен қатар жүк тасымалдайтын дрондар мен цифрлық навигация платформасы да таныстырылды.



Alatau City-де алғашқы вертикал порттың құрылысы басталып кетті. Болашақта Алматы қаласы мен Алматы облысының туристік аймақтарында вертикал порттар желісін құру жоспарланып отыр. Маршруттар өңірдің негізгі көлік тораптарын байланыстырады деп күтілуде. Мысалы, Алматы әуежайынан Медеуге дейін 10-12 минутта жетуге болады. Бұл жайында «Alatau Advance

Қазіргі таңда әлем бойынша жолаушы тасымалдайтын аэротаксилер әлі сынақтан өткізіліп жатыр. Әзірге инфрақұрылымды дайындау жұмыстары жүргізіліп, құжаттары әзірленуде. 2029 жылға қарай іске қосылуы мүмкін. Бұл жоба тек өңірдің ғана емес еліміздің әуе тасымалын дамытуға серпін беретіні сөзсіз.

Алатау қаласы

## ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

**Биыл қараша айында Қаскелең қаласында орналасқан «Pladis Kazakhstan» компаниясында сұранысқа ие шоколад кәмпітерін өндіретін жаңа желіні іске қосу жоспарланып отыр. Оған құйылатын қосымша инвестиция көлемі 4,5 млрд теңгені құрайды.**

# Әлемге танымал бренд

### Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Кәсіпорын директоры Фатих Үстүнедін айтуынша, компания өз қызметін 1995 жылы «Хамле компани ЛТД» ЖШС ретінде бастаған. Өндірісті кеңейту мақсатында кезең-кезеңімен жаңа инвестиция тартылып отырған. Бұл ретте ең табысты жылдардың бірі 2017 жыл болды. Қазіргі таңда компания ауданның жүйе құраушы кәсіпорындарының бірі саналады. 2024 жылы кәсіпорында ребрендинг жүргізіліп, атауы «Pladis Kazakhstan» болып өзгертілді. Бұл әлемге әйгілі «Pladis» компаниялар тобына кіретін заңды тұлғалардың бірігуімен байланысты. Холдингтің бас кеңсесі Англияда орналасқан.

Кәсіпорынға бөлінген жер аумағы – 6,9 гектар. Қазіргі уақытта мұнда алты өндірістік желі жұмыс атқаруда. Жыл сайын кәсіпорын 100-ден астам атауы бар 26 мың тонна дайын өнім шығарады. Тұтынушылар арасында «Albeni» шоколад батончиктері, «Halley» маркалы маршмеллоуы бар сәндік-печенье, «Biskrem dark» салмасы бар печенье және «Ulker» брендімен шығарылатын өнімдері үлкен сұранысқа ие. Компанияның басқа да танымал брендтері қатарында «Hamle», «McVitie's», «Digestives», «Godiva», «Alpella» және «Flame» бар. Сонымен қатар мұнда бисквит өнімдері, түрлі кәмпітер, вафли, рулет пен сағыз өндіріледі.



Ғимараттың бесінші қабатында заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген үлкен зертхана мен сапа бөлімі жұмыс істейді. Компания өнімдерінің «Халал» және «Денсаулық» сертификаттарына ие болуы олардың қауіпсіздігі мен жоғары сапасын дәлелдейді. Сондай-ақ өнімдер «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы», «Тағам өнімдерін таңбалау талаптары», «Тағам қоспалары, хош иістендіргіштер және технологиялық көмекші құралдардың қауіпсіздік талаптары» стандарттарына сәйкес келеді.

Шикізаттың 60 пайызы, демек, ұн, қант, крахмал, сірне, шәрбаттар мен түрлі қораптар жергілікті өндірушілерден сатып алынады. Мысалы, ұн «АзияАгроФуд» акционерлік қоғамынан, сірне Жаркент крахмал-сірне зауытынан, қораптар «Kagazy Recycling» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жеткізіледі. Ал шоколад Түркиядан әкелінеді.

Кәсіпорында бүгінде 538 адам еңбек етеді. Оның ішінде технологтар – осы өндірістің ерекшеліктеріне сай арнайы оқытылған жергілікті мамандар.

Компания өнімдері Қазақстан нарығында ғана емес, экспортқа да шығарылады. Өнім өткізу үлесі ішкі нарық пен экспорт арасында 50/50 қарымдымен бөлінген. Экспорт географиясына Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Әзербайжан, сондай-ақ Ресей, Беларусь, Украина, Грузия, Қытай және Моңғолия кіреді. Оның ішінде Қытайға ай сайын компанияның тәтті өнімдері тиелген 20 жүк көлігі жөнелтіледі.

Кәсіпорынның Астана, Алматы, Шымкент және Қарағанды қалаларында төрт филиалы, сондай-ақ Қазақстанның өзге қалаларында 21 дистрибьюторы бар. 2025 жылы компанияның бюджетке төлеген салық көлемі 3,5 млрд теңгені құрады. 2024-2028 жылдар аралығында бұл өндіріске салынатын инвестиция көлемін екі есе арттыру жоспарланған. Сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын ашу және салық түсімдерін көбейту көзделіп отыр.

Қарасай ауданы

## БАСПАСӨЗ – 2026

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2026 жылға газетке жазылу науқаны жалғасуда. Газетімізге «ҚазР» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:  
**87476881741, 87082109571**

«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1-3-қабат.

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны, тілің бай, қазынасы мол бағалы. «Алатау арайына» жазылыңыз, ұлқа деген шын құрмет сол болады!

Жазылушылар	Индекс	6 айға		7 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	5742,72	5742,72	6699,84	6699,84
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	10614,24	7326,72	12383,28	8547,84
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5382,72	5382,72	6279,84	6279,84

### ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3500	7000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	5000	10000
Соғыс ардагерлеріне, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

### РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ:

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	4000	8000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.



● **ІС ПЕН НӘТИЖЕ**

*Алатау қаласының әкімі Әркен Өтенев тұрғындармен есептік кездесу өткізді. Жиынға облыс әкімі Марат Сұлтангазиев, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар өкілдері қатысты. Кездесу барысында инженерлік инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік нысандардың қолжетімділігі, саяжай мәселелері бойынша сауалдар қойылып, жауапты мамандар әр сұраққа нақты жауап берді. Осылайша оларды шешу жолдары айқындалды.*

● **Гүлзат БАЙҚОНЫС**

Алдымен Әркен Өтенев Алатау қаласының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша ақпарат берді. Айтуынша, биыл қала бюджеті 9,5 млрд теңге болып бекітілген. Қазіргі таңда жалпы құны 1,0 трлн теңге болатын 17 инвестициялық жоба қолға алынған. Олардың қатарында «ПепсиКо Орталық Азия» тұзды тағамдар зауыты, «Integrity Logistics» индустриалды паркі, «Гриффин Логопарк» А сыныбындағы логистикалық кешені, «G-Transce Service» индустриалды-логистикалық хабы, «Mars» жануарларға арналған өнімі, «Etassa Fiber» фибропанельдер, «Sunny rare» қағаз шығаратын өндіріс, «Индустриальный горизонт» кабель құбырлары зауыты және өзге де ірі кәсіпорындар бар. Осы жобалар іске асқанда, 5000-нан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

«Денсаулық сақтау саласы бойынша «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық пилоттық жобасы аясында «Еңбек» және «Жаңаарна» шағынаудандарында екі фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар «Жетіген» және «Қоянқұс» шағынаудандарында 250 адамды қабылдайтын екі жана емхананың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Білім саласы бойынша өткен жылы «Жайлы мектеп» жобасы аясында «Gate City» қаласында 900 орынды мектептің құрылысы аяқталды. Қыркүйек айында балаларды қабылдайды. Быыл Қоянқұстағы №13, Жетігендегі №5 мектептерге күрделі жөндеу жүргізу үшін құжаттамасы әзірленуде. Ал Дәулеттегі №3 мектептің жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға өтінім берілді. Алдағы уақытта «Жаңадәуір» шағынауданында жеке инвестор есебінен жаңа мектеп салынады», – деді ол. Сондай-ақ ерекше қамқорлықты қажет ететін

# ЖАҢА ДӘУІРГЕ – ЖАРҚЫН ҚАДАМ



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

жандарға ерекше қолдау көрсетіліп жатқанын, тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысы да қарқын алғанын айтты. Сонымен қатар инженерлік-инфрақұрылым жобаларының жоспарымен таныстырып, интернет сапасын жақсарту да басты назарда екенін жеткізді. Айтуынша, мәдениет және спорт саласы бойынша «Жетіген» шағынауданында 280 орынды Мәдениет үйі мен «Заречныйда» 60 орынды спорт кешенінің жобалық-сметалық құжаттары дайын.

Автомобиль жолдары саласы бойынша өткен жылы 13,7 шақырым жолға жөндеу жасалып, 19 шақырымға қиыршық тас төселген. Алдағы уақытта «11» шағынауданындағы 102 көшеге орташа жөндеу жүргізу үшін 23 жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өткізілген. Аталған жобалар 2026-2027 жылдары іске асырылады.

Сұрақ-жауап бөлімінде су, жол және қаңғыбас иттер мәселелері бойынша сауалдар жиі қойылды. Мәселен, «Қоянқұс» шағынауданының тұрғыны судың таза келмейтінін айтып шағымданды. Жауапты мамандардың айтуынша, ондағы су ұңғымасы 70-жылдары салынған. Қазіргі таңда Іле ауданымен бірлесе жобалау жұмысы жүргізілуде. Быыл жобаға толықтай қаражат бөлініп, мердігерлер бекітілген. Бұл бағыттағы жұмыс былтыр басталған. Жыл соңында аяқталады. Саяжайларды қала құрамына кіргізу мәселесі де көтерілді. Алатау қаласының әкімі шағар маңында 40-тан астам саяжай

орналасқанын, оларды қалаға өткізу үлкен жұмысты талап ететінін жеткізді. Дегенмен бұл істің нақты жоспары бекітілген. Соған сай түйткіл өз шешімін табады. Кездесу барысында медициналық қызмет, білім беру, интернет мәселесі бойынша да сұрақтар қойылып, оларға тұщымды жауап берілді.

Жиын соңында Марат Елеусізұлы қаланың стратегиялық даму жоспары мен оның беретін мүмкіндіктеріне тоқталды.



«Алатау қаласы отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымды аймаққа айналып келеді. Бұл – өте маңызды. Себебі кез келген қаланың тұрақты дамуы ең алдымен экономиканың өсуімен, инвестициялық тартымдылығымен және жаңа жұмыс орындарының ашылуымен тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Алатау қаласы еліміздің жаңа өсу нүктесі ретінде қалыптасуда. Жақында қабылданған

«Алатау қаласының арнайы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заң – осы стратегиялық бағыттың маңызды бөлігі. Алатау қаласының құрылуы – Алматы агломерациясын жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық шешім», – деді аймақ басшысы. Сондай-ақ 2026 жылы қаланы дамыту үшін облыс бюджетінен 3,6 млрд теңге қаржы бөлінгенін де атап өтті. Оның ішінде 1,8 млрд теңгеден астам қаражат тікелей инженерлік инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар түйткілді мәселелер облыс әкімдігінің бақылауында екенін және кезең-кезеңімен, жоспарға сай шешімін табатынын жеткізді.

Кездесуден кейін облыс әкімі Жетігендегі теміржол үстінен өтетін автомобиль көпірінің құрылысымен танысты. Жоба кептелісті азайтып, пойыз бен автокөліктердің бір-біріне кедергі келтірмей, еркін қозғалуына мүмкіндік береді. Жүк тасымалының үздіксіз жүргізілуіне жол ашады. Бұрын теміржол өткелінде ұзақ уақыт тоқтап тұруға мәжбүр болған көліктер енді кедергісіз қозғалып, жеделі жеріне жылдамдық жетеді. Жоба Алматы агломерациясының көлік инфрақұрылымын жақсартып, өнімдік транзиттік әлеуетін күшейтеді. Марат Елеусізұлы нысанның өнімдік көлік-логистикасын дамытуда үлкен маңызға ие екенін атап өтіп, құрылыс сапасына ерекше мән берді. Сондай-ақ нысанды мерзімінде пайдалануға беруді тапсырды.

Алатау қаласы



*Іле ауданында ауқымды сенбілік өтіп, тазалықпен қатар тазалыққа іске мән берілді. Бұл жолғы сенбіліктің басты ерекшелігі – тек көшелер мен қоғамдық орындарды тазалаумен шектелмей, әлеуметтік қолдауды қажет ететін жандарға нақты көмек көрсетуге бағытталуы болды. Осылайша экологиялық мәдениет пен адамгершілік құндылықтар үндестік тауып, қоғамда жанашырлық сезімін нығайтуға басымдық берілді.*

## Қарттарға көмек көрсетілді

● **Құралбек СӘБИТОВ**

Шара барысында Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов жастар және еріктілермен бірге Байсерке ауылында тұратын жалғызбасты зейнеткерлердің үйлеріне арнайы барып, тазалық және абаттандыру жұмыстарына қатысты. Еріктілер қарттардың аулаларын күл-коқыстан тазартып, ретке келтіру, сырлау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар аула аумақтарына көшеттер отырғызылып, тұрғындарға әлеуметтік әрі моральдық қолдау көрсетілді.

Сенбілік барысында көмек көрсетілген жандардың бірі – Валентина Васильевна. Ол 1952 жылы Алматы облысында дүниеге

келген. Ұзақ жыл бойы адал еңбек етіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көруде. Шаңырағында жалғыз тұрады, 2020 жылдан бері арнайы әлеуметтік қызмет алады. Ал Раиса Яковлевна 1936 жылы Семей облысының Аягөз қаласында дүниеге келген. 1943 жылы отбасымен Алматы қаласына қоныс аударып, тігін фабрикасында еңбек еткен. 1991 жылы зейнеткерлікке шыққан. Ширек ғасырға жуық Іле ауданының Байсерке ауылында тұрады. 2015 жылдан бастап арнайы әлеуметтік қызмет алады.

Аудан әкімі Қайыржан Серікбайұлы бастап, қарттардың аулаларын тазалап, тұрмыс жағдайын ретке келтіруге атсалысқан еріктілердің еңбегі ауыл тұрғындарының ризашылығын тудырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралардың негізгі мақсаты – тек тазалық сақтау ғана емес, қоғамда қамқорлық, жанашырлық және бірлік мәдениетін қалыптастыру.

Аудан көлемінде өткен санитарлық тазалық сенбілігіне 2856 адам қатысып, 13 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 25 гектар аумақ тазартылып, 57 тонна коқыс шығарылды. Сонымен қатар елді мекендерде санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, қоғамдық орындар мен көшелер абаттандырылды. Бүгінде «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы Іле ауданында қоршаған ортаны қорғау мен елді мекендердің тазалығын сақтауға бағытталған маңызды бастамалардың біріне айналып отыр. Аудан тұрғындарының белсенділігі мен ортақ іске деген жауапкершілігі мұндай игі жұмыстың алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатынын аңғартады.

Іле ауданы

● **ӘЛЕУМЕТ**

## Зейнетақы жинағын есептеудің жаңа әдістемесі

**Зейнетақы жинағы адамның зейнетке шыққаннан кейін тұрақты табыспен қамтылуын қамтамасыз етеді. Ол арқылы азаматтарға қартайған шақта қаржылық тұрақтылық пен қажетті төлемдерге кепілдік беріледі. Бұл әсіресе жас қазақстандықтар үшін маңызды. Өйткені олардың болашақ зейнетақысы мемлекеттік базалық зейнетақыдан және зейнетақы жарналары есебінен қалыптасатын жинақтаушы бөліктен тұрады.**

Бүгінгі қолданыстағы зейнетақы жинағын есептеу әдістемесі мөлшерлі шектен асатын жинақтардың бір бөлігін алуға мүмкіндік береді. Ол жас азаматтың алдағы уақытта міндетті зейнетақы жарналарын тұрақты түрде аударып, зейнет жасына дейін ең төменгі зейнетақыға жеткілікті соманы жинайды деген болжамға негізделген. Алайда бұл модель нақты өмірлік жағдайларды ескере бермейді, яғни адамның зейнет жасына дейін тұрақты жұмысы мен табысы бола ма, жоқ па деген мәселе ашық күйінде қалып отыр. Осы себепті ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесін қайта қарау туралы шешім қабылданды. Ұсынылып отырған өзгерістердің негізгі мәні – азамат бүгін жинақтарының бір бөлігін пайдаланған жағдайда да, болашақта лайықты зейнетақы алу үшін жеткілікті қаражат көлемін сақтап қалуын қамтамасыз ету.

Мысалы, 46 жастағы салымшының зейнетақы жинақтары 11 млн теңгені құрайды делік. Қолданыстағы шек 7,8 млн теңге болғандықтан, ол бүгін 3,2 млн теңгені ала алады. Бұл жағдайда оның БЖЗҚ-дан алатын зейнетақысы небәрі 42 мың теңгені құрайды. Егер ол осы артық жинақтарын қазір алмаса, болашақта алатын зейнетақысы шамамен үш есеге жоғары болады.

Шекті мәндердің ұлғаюы соңғы үш жыл ішінде ең төменгі жеткіліктілік шегінің қайта қаралмағанымен де байланысты. Жаңа есептеу әдістемесі неғұрлым дәл әрі экономикалық тұрғыдан негізделген актуарлық тәсілге сүйенеді. Ол күтілетін өмір сүру ұзақтығын, инвестициялық табыстылықты және болашақ зейнетақы төлемдерінің мақсатты деңгейін ескереді.

Бір есте ұстарлық жайт, зейнетақы жинақтары кез келген уақытта ағымдағы шығындарға жұмсай салатын депозит емес. Мемлекет азаматтардың ұзақ мерзімді мүдделерін жүйелі түрде қорғайды, адамдардың қартайғанда өзін қаржылық тұрғыдан сенімді сезінуі үшін жағдай жасайды.

Айдынжан НАРМАТОВ,  
ҚР ЕЖХӘҚМ

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы

## Туристер көп келетін орын



*Жамбыл ауданындағы Үңгіртас ауылының тұрғындары «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасына ұйымшылдықпен қатысты. Осы ауылдың жанындағы жота туристер көп келетін орынға айналғалы біраз жылдың жүзі болған. Себебі ол жер «Жер кіндігі» аталып кеткен.*

● **Серік САТЫБАЛДИЕВ**

Жүзге жуық тұрғын сол маңда тазалық жұмыстарына бір кісідей жұмылды. Үңгіртас ауылдық округінің әкімі Дәурен Әбдуәліевтің ұйымдастыруымен олар киелі жер саналатын жотаға барып, белгіленген туристік бағыт бойымен жүріп отырып, аумағын коқыстан тазартты. Мұнда жан-жақтан саяхатшылар жиі келеді. Алайда кейбір жауапсыз адамдар артына коқыс тастап кетеді. Сенбілікке қатысқандар бірнеше сағат бойы сол қалдықтарды жинастырды. Жотадағы үңгір, жол бойы, «Жер кіндігі» деп жазылған орын маңы тазаланып, еріктілер 20 қаптан астам коқысты арнайы күресінге жөнелтті.

Экологиялық бағдарламаға жастармен бірге аудандық және ауылдық округ әкімдігінің қызметкерлері, облыстық және

аудандық мәслихат депутаттары, ақсақалдар, мектеп мұғалімдері, белсенді тұрғындар қатысты. Шараға қатысқан аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айтқұл Тазалық ауылдарда атқарылып жатқан маңызды жұмыстарының маңызын атап өтті. Оның

айтуынша, бұл жұмыстар әр сенбі сайын барлық елді мекенде жалғасын тауып отыр. Басты мақсат – аудан аумағын таза ұстап, жасыл желекке айналдыру.

Үңгіртас ауылы,  
Жамбыл ауданы



● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ



# ҰЛЫ ДАЛА

## шеберлері

Қонаев қаласындағы Бердібек Соқпақбаев атындағы орталық саябақта облыс әкімдігінің және мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен Халықаралық музейлер күніне, сондай-ақ қазақтың көрнекті этнографы, дәстүрлі қолөнер шебері, ұста Дәркембай Шоқпарұлының 80 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы дала шеберлері» атты қолөнершілердің халықаралық фестивалі өтті.

● Ерзат АСЫЛ


Музейдің қоғамдағы маңызын арттыру және қолөнерді кеңінен насихаттауды мақсат еткен шараны облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев салтанатты түрде ашып, фестиваль жұмысына сәттілік тіледі.

– Музей – кез келген ел үшін ерекше мәнге ие. Елдің мәдени мұрасын сақтап, рухани байлығын арттыруда мұражайлардың атқарар қызметі зор. Халықаралық музейлер күні аясында ұйымдастырылған бүгінгі шара – осы қасиетті миссияның жарқын көрінісі. Бұл фестивальдің белгілі қолөнер шебері, ұлттық реставрация мектебінің негізін қалаушы, этнограф-ғалым Дәркембай Шоқпарұлының 80 жылдық мерейтойымен орай ұйымдастырылуының да терең мәні бар, – деді Ғани Айдарұлы.

Ашық аспан астында өткен мәдени шара барысында бірқатар үздік музей қызметкерлері облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қоса тарихи-патриоттық тәрбие беру ісіне үлес қосқан музей ұжымдарына облыстық полиция департаментінің Алғыс хаты табысталды.

Фестиваль аясында «Ғасырлар аманаты» көрме-экспозициясы ұйымдастырылып, Алматы облысының жетекші музейлерінің сирек кездесетін тарихи жәдігерлері қойылды. Көрмеде көпшілік назарына Жамбыл Жабаев әдеби-мемориалды музейінде сақталған құнды жәдігерлер ұсынылды. Олардың қатарында жыр дүлдүлі киген киімдер, тұтынған музыкалық аспаптар, сирек қолжазбалар мен тұрмыстық бұйымдар бар. Көрмедегі ерекше назар аудартқан жәдігерлердің бірі – ақынның домбыралары. Бұл жөнінде Жамбыл Жабаевтың немересі, музей директоры Салтанат Жамбылова кеңінен әңгімеледі. Оның айтуынша, Жамбыл ата домбыраны өзіне серік етіп, оны қалам мен қағаздың орнын басқан рухани құрал ретінде бағалаған. Көрмеде ерекше орын алған «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музейінің біздің заманға дейінгі IV-III ғасырлардағы жәдігерлері де көптің көзайымына айналды.

Саябақтың ортасында орын тепкен шеберлер ауылы ауқымды шараның сәні мен салтанатын асыра түсті. Онда халықаралық деңгейдегі қолөнер шеберлері мен Дәркембай Шоқпарұлының шәкірттері өз туындыларын көпшілік назарына ұсынып, темір өңдеу, зергерлік өнер, ағаш ою, киіз басу секілді дәстүрлі қолөнер түрлерінің көне технологияларын көрсетті. Қазақ даласында ұлы өркениеттің болғаны тарихтан мәлім. Сол өркениеттің өріс алып, кең қанат жаюына сүбелі үлес қосқан өнердің бір түрі – қазақтың зергерлік, ұсталық қолөнері екенін ешкім жоққа шығара қоймас. Көрмедегі көздің жауын алатын бұйымдар осы бір ойымызды тіптен айшықтай түскендей.



Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘУКЕН



«Бүгінгі шараның музейлер күнімен бірге аталып өтілуі әкемің біраз жыл музейде қызмет етуімен тікелей байланысты. Оның үстіне Алматыдағы Ықылас Дүкенұлы атындағы ұлттық музыкалық аспаптар мұражайының ашылуына мұрындық болғаны тағы бар. Әкемің шығармашылық өмірін музей қызметінен бөліп қарауға болмайды. Сондықтан 80 жылдық мерейтойы осы айтулы күннен басталып отыр. Алда ол кісіні еске алуға арналған бірқатар шара өтеді. Әкемің ұлттық мәдениетке сіңірген еңбегі өз кезінде мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, марапаттарға ие болды, ел ішінде зор құрметке бөленді. Алайда шебер үшін ең үлкен жетістік – өзі қалыптастырған өнер мектебі мен ұлттық мұраға айналған еңбегі. Бүгінде Ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейі – дәстүрлі өнерді кеңінен танытатын, жас шеберлерге бағыт-бағдар беретін маңызды мәдени орталық. Бұл – өткен мен бүгінді ортақтандыратын рухани кеңістік. Мерейтой аясында өтетін мұны шара аралары Дәркембай Шоқпарұлының сан қырлы мұрасын терең танытып, ұлттық қолөнердің қоғамдағы маңызын айқындай түседі деп сенеміз», – дейді әке өнерін ұлықтаған Дәулет Дәркембайұлы.

Қатысты. Солардың бірі – Зейнеб Давронова. «Бүгінгі «Ұлы дала шеберлері» фестиваліне Өзбекстан астанасы Ташкенттен арнайы келдік. Мұнда ұлттық киімдеріміз бен көрмесімізді біз ала келдік. Біздің тіккен киімдеріміз бен қолдан жасаған заттарымызды жұрт қызығып сатып алуда. Зер салып қарасам, ою мен өрнектеріміздің кейбір ұқсас тұстары барын аңғардым. Өнерімізді жоғары бағалап жатқан өнер жұртшылығына алғыс айтамын! Қолөнер ғасырлар бойы бауырлас халықтардың барыс-келісін нығайтып келді. Бұл үрдіс бүгінде өз жалғасын табуда», – дейді көрші елдің қолөнер шебері.

Көрмеде қазақтың дәстүрлі қолөнерінің сан қырлы үлгілерімен қатар, қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнер туындылары да ұсынылған. Олардың қатарында киіз бұйымдары, зергерлік әшекейлер, біз кесте, керамика, ағаштан жасалған бұйымдар, металды көркем өңдеу, тоқыма өнері және дәстүрлі ұлттық киімдер бар. Шара барысында Дәркембай Шоқпарұлының өнегелі өмірін сыр шертетін фото көрме де көп назарына ұсынылды. Фестиваль соңы мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты. Алматы облысының өнерпаздары мен эстрада жұлдыздары – Жігер Ауылбаев, Нұрсұлтан Нұрбердиев, Мақсат Рахмет, Баянсулу рухани кештің сәнін келтіріп, көпшілікке ұмытылмас әсер сыйлады.

Қонаев қаласы

● БРИФИНГ

## «Қымызмұрындық» қалай өтеді?

Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ауқымды мәдени жобалардың бірі – «Қымызмұрындық – 2026» мерекесіне дайындық басталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Төлеген Кенжебеков пен мәдениет басқармасының Әнуар Үмбетәлиев баяндады.

● Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ

Спикерлердің айтуынша, облыста ұлттық руханиятты ұлықтайтын мерейтойлар мен мәдени шаралар жыл сайын жүйелі түрде өткізіліп келеді. Жыл басынан бері Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы, Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығы және Абдолла Қарсақбаевтың 100 жылдығының ашылу салтанаты өткен. Алдағы уақытта да халықаралық және республикалық деңгейдегі маңызды іс-шаралар жалғасын таппақ.

Көпшілік асыға күтетін «Қымызмұрындық» мерекесі биыл 27 маусым күні Кеген ауданындағы Қарқара жайлауында өтеді. Аталмыш шарада Әлмерек абыздың өмір жолы да кеңінен дәріптелмек. Мерекеге 35 мыңға жуық қонақ келеді деп жоспарланып отыр.

Баспасөз мәслихатында сөз алған Төлеген Жолмырзаұлы мерекенің ұлттық дәстүрді дәріптеумен қатар, туризмді дамытуға да ықпал ететінін атап өтті. Оның айтуынша, шараға шетелдік қонақтар мен блогерлер шақырылып, ұлттық салт-дәстүр кеңінен насихатталады.

– Қымызмұрындық – қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан игі дәстүрлерінің бірі. Бұл – қонақжайлылықты, жомарттықты, ынтымақ пен бірлікті дәріптейтін мереке, – деді ол.

Айта кетейік, Қарқара жайлауында бұл мереке бұған дейін төрт рет ұйымдастырылған. Өткен жылы шараға 8 мыңнан астам адам қатысып, 40 киіз үй тігілген. Сондай-ақ 250-ге жуық шағын бизнес өкілдері тартылған болатын. Ал биыл 80-нен астам киіз үй тігіліп, келушілер саны бірнеше есеге артады деп күтілуде.

